

Степногорск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 29 шілдедегі № 6С-7/4 " Степногорск қаласында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2017 жылғы 22 тамыздағы № 6С-19/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 қыркүйекте № 6087 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 6С-55/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 30.06.2020 № 6С-55/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Степногорск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Степногорск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 29 шілдедегі № 6С-7/4 " Степногорск қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5514 болып тіркелген, 2016 жылғы 15 қыркүйекте "Степногорск ақшамы" және "Вечерний Степногорск" аймақтық қоғамдық-саяси газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

қосымшадағы 1-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"2) Тәуелсіздік даңғылы Демалу аймағының сквері;"

қосымшадағы 2-тармақтың 1), 2) тармақшалары жаңа редакцияда баяндалсын

:

"1) Поколений скверінен бастап Республика даңғылы бойымен Степногорск қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы "Мирас" Мәдениет үйі" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорынның алдындағы алаңына дейін;

2) Құрылысшылар айналмалы жолынан бастап Тәуелсіздік даңғылы бойымен Демалу аймағы скверіне дейін;"

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы*

О.Джагпаров

*Қалалық мәслихаттың
хатшысы*

Ғ.Көпеева

"КЕЛІСІЛДІ"

*Степногорск қаласының
әкімі*

Ә.Күмпекеев

22.08.2017 ж.